

ӘОЖ 339.13

Ж.Е. ШЫМШЫҚОВ, А.Б. ЖАНБОЗОВА *

Әлеуметтік-экономикалық зерттеулер орталығы, ҚР ҒБМ Ғылым комитетінің «Экономика институты»
РМҚК Астанадағы филиалы, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*E-mail: aksaulew@mail.ru

Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының орындалуы «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың алғы шарты

Мақалада Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық шарттарының үдемелі индустриалды-инновациялық даму қарқындарына сәйкестігіне баға берілген. Сондай-ақ берілген шарттардың тұрақтылық, ұшқырлық, бәсекелестік, белсенділік, жасампаздық сияқты авторлармен қалыптастырылған талаптармен ұштасу деңгейі анықталған. Мақала авторлары 2008-2012 жж. Ұлттық экономиканың қызмет етуінің макроэкономикалық көрсеткіштерінің серпіні зерттелген: ЖІӨ өсу қарқындары және оның құрылымы, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өнім шығарылымының нақты көлемінің индекстері, сыртқы сауда айналымы, халықтың жұмыс бастылығы, жұмыссыздық деңгейі және еңбекақы көлемі және т.б. Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының (ҮИИДМБ) іске асыру аясында ұлттық экономиканы жаңғыртуға жұмсалған едәуір қаражаттың экономиканы әртараптандыруға қажетті ықпалын тигізе алмағандығы анықталған. Сондай-ақ ҮИИДМБ мақсатты көрсеткіштерінің орындалуына талдау жүргізілген, нәтижесінде мемлекеттік бағдарламада жоспарланған индикаторлар мен нақты индикаторлар арасында едәуір олқылықтар анықталған. ҮИИДМБ орындау барысындағы кедергілер айқындалған.

Түйін сөздер: индустриалды-инновациялық даму, инновациялар, ҮИИДМБ, бәсекеге қабілеттілік, әлеуметтік-экономикалық даму.

Zh.E. Shimshikov, A.B. Zhanbozova

Implementation of the Program of forced industrial-innovative development as an important condition for the implementation of the Strategy «Kazakhstan-2050»

The paper assessed the extent to which the socio-economic conditions of the pace of forced industrial-innovative economic development of Kazakhstan. Also determined by how consistent these conditions the requirements generated by the authors: stability, dynamics, competitiveness, adequacy and effectiveness. The authors investigated the dynamics of macroeconomic indicators of the national economy in 2008-2012: GDP growth and its structure, the volume indices of industrial and agricultural production, foreign trade, employment, unemployment and wages, etc. It was found that significant funds aimed at the modernization of the national economy within the framework of SPFIID did not have undue influence on its diversification also analyzed SPFIID execution targets, causing severe negative discrepancies found between the planned indicators for the state program and its actual implementation. Identified obstacles in the implementation of the Program of forced industrial-innovative development.

Keywords: industrial and innovative development, innovation, SPFIID, competitiveness, socio-economic development.

Ж.Е. ШИМШИКОВ, А.Б. ЖАНБОЗОВА

Выполнение Программы форсированного индустриально-инновационного развития как важное условие реализации Стратегии «Казakhstan -2050»

В статье оценена степень соответствия социально-экономических условий темпам форсированного индустриально-инновационного экономического развития Республики Казахстан. Также определено, насколько согласуются данные условия требованиям, сформированным авторами данной статьи: стабильность, динамичность, устойчивость, конкурентность, адекватность и действенность. Авторами исследована динамика макроэкономических показателей функционирования национальной экономики в 2008-2012 гг.: темпов роста ВВП и его структуры, индексов физического объема выпуска промышленной и сельскохозяйственной продукции, внешнеторгового оборота, занятости населения, уровня безработицы и

оплаты труда и др. Выявлено, что значительные средства, направленные на модернизацию национальной экономики в рамках реализации ГПФИИР, не оказали должного влияния на ее диверсификацию. Также проведен анализ выполнения целевых показателей ГПФИИР, в результате чего обнаружены серьезные негативные расхождения между запланированными по Госпрограмме индикаторами и его фактической реализацией. Выявлены препятствия в выполнении Программы форсированного индустриально-инновационного развития.

Ключевые слова: индустриально-инновационное развитие, инновации, ГПФИИР, конкурентоспособность, социально-экономическое развитие.

Еліміздің Президенті, ұлт Көшбасшысы Н.А. Назарбаев – өзінің «Қазақстан -2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа курсы» атты Қазақстан халқына Жолдауында ХХІ ғасырдың жаһандық сын-қатерінің қатарында жетіншісі – үшінші индустриялық революция деп атады. Адамзат үшінші индустриялық революция табалдырығында тұр, ол өндіріс ұғымының өзін өзгертеді. Технологиялық жаңалықтар әлемдік нарықтың құрылымы мен қажеттіліктерін түбегейлі өзгертеді. Біз бұрынғыға қарағанда мүлде өзгеше технологиялық болмыста өмір сүріп жатырмыз. Цифрлық және нанотехнология, регенеративтік медицина және басқа да көптеген ғылыми жетістіктер қоршаған ортаның ғана емес, адамның өзін трансформациялап, күнделікті ақиқатқа айналады. Біз осынау үдерістердің белсенді қатысушылары болуға тиіспіз» – деген еді [1].

Ал «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты векторы» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет Басшысы, үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы – ел өнеркәсібін жаңғыртудың басты бағдары болып қала береді, – деп атап көрсетті. Сондықтан жыл аяғындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын шығару үшін аталған Бағдарламаның орындалу үрдісіне талдау жасап көрейік.

Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдардағы экономиканың үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының Мемлекеттік бағдарламасы (ҮИИДМБ) ел экономикасын 2015 жылы келесі нысаналық индикаторларға (көрсеткіштер) сәйкес нәтижеге жетуді көздеген болатын: Ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) 2008-жыл деңгейімен салыстырғанда 50%-ға өсуін; өңдеуші өндіріс салаларындағы еңбек өнімділігінің 50%-ға артуын; ал экономиканың қайсібір жекелеген секторларында 100%-ға; шикізат емес экспорт (сыртқа шетелдерге товар сату) үлесін 40%-ға жеткізуді; ІЖӨ энергия сыйымдылығын 2008 жылғы деңгейден 10%-ға

кемітілуін; жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың ішінде инновациялық кәсіпорындар үлесін 10%-ға дейін көтеру көзделген [2].

Әрине, ұлттық экономиканың дамуында мұндай көрсеткіштерге қол жеткізу үшін елімізде бұған негіз болып, сәйкес келерлік әлеуметтік-экономикалық, институционалдық алғышарттар орындалып, олар тұрақтылық, ұшқырлық, бәсекелестік, белсенділік, жасампаздық сияқты талаптарға сай болып, әсіресе, экономикалық белсенді тұрғындарға жататын қатардағы азаматтардың инновациялық идеяларды ұстанып, түйсінсе ғана мүмкін болары хақ.

Қазақстан Елбасы мәлімдегендей «Қазақстан – 2030» Стратегиясын мерзімінен көп бұрын жүзеге асырып, ұлттық мемлекеттіліктің мызғымас, берік жүйесінің негізін қалады, ішкі саяси тұрақтылыққа қол жеткізіп, ұлт бірлігін қамтамасыз етті. Қазақстанның тәуелсіз, қалыптасқан, егеменді ел ретіндегі Халықаралық беделі де өсті. Экономикадағы жан басына шаққандағы ІЖӨ көлемі 2012 жылы 1993 жылмен салыстырғанда 1,5 мың доллардан 12 мың долларға жетіп, 7 еседен астам өсті. Еліміздің алтын валюталық резервтері 87 миллиард доллардан асып, ІЖӨ-нің 49% құрады.

Еліміз макроэкономикалық тұрақтылық мәселесін шешуде де елеулі нәтижеге қол жеткізді. Ұлттық қорда жинақталған қаржының арқасында 2008-2009 жылдардағы дағдарыстан да басқа елдермен салыстырғанда жеңілдірек шыға алды. Жаһандық, дүниежүзілік дағдарыстан кейінгі 2010 жылғы Қазақстан экономикасының өсу қарқыны 7,0%-ды құрауы, тұрақтылықтың дәлелі бола алары сөзсіз.

Халықаралық валюта қорының сарапшылары 2012 жылғы Қазақстанның экономикалық өсуі қарқынына жоғары баға бере келіп, Республикамызды «аймақтық экономикалық держава» деп мадақтады. Ұлы Британияның экономикалық сарапшылары өткен онжылдықтағы ең жоғарғы қарқынды 25 экономиканың ішінде Қазақстан экономикасын 3-орынға қойып отыр. ҮИИДМБ-

ның тиімділік өлшеуіштері ретінде бағаланған нысандық индикаторлардың орындалуы да көңілге белгілі бір сенім ұялатады.

Қазақстан Республикасының Статистика Агенттігінің жариялаған деректеріне сүйенсек, Қазақстанның ІЖӨ көлемі 2011 жылы 7,5%-ға өсіп 27 триллион теңгені құраған, ал мемлекеттік бағдарламада 23 триллион теңге деңгейіне тек 2015 жылы қол жеткізу көзделген болатын. 2012 жылы да экономика қарқыны салыстырмалы дәрежеде жоғары болып, ІЖӨ көлемі 30' 255 теңгені немесе 201,7 млрд. долларды құраса, биылғы 2013 жылғы өткінші есеп бойынша қаңтар-маусым айларындағы көрсеткіші 14' 153 млрд долларды құрады, бұл экономика өсуінің 5,1%-ға тең болғанын көрсетеді.

Әрине, экономиканың өсуіне әлемдік нарықтағы энергоресурстар мен шикізатқа деген сыртқы конъюнктура (баға нарқы) оң септігін тигізді, сонымен қатар «Қазақстан-2050» әлемдік дамыған 30 елдер қатарына қосылу жаңа Стратегиясының басталуы да экономикаға қосымша қарқын қосты. Алайда 2013 жылғы индикатор орындалған жағдайда ІЖӨ 5,25%ға өсуі көзделген болатын, қол жеткен нәтиже әзірге мұнай шығарудың ұлғаюы мен биылғы ауылшаруашылығындағы қолайлы жағдайларға тәуелді екенін жасыра алмаймыз. Мәселен, 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда көмір шығару 101,7%-ға, табиғи газ 103,1%-ға, металл рудалары -104,3%-ға, ал мыс-цинк рудасын шығару 114,6%-ға, қорғасын-цинк рудасы


105,8%-ға, мыс рудасы – 111,5-ға ұлғайған. Өнім өңдеу саласының салыстырмалы көрсеткіші аталған мерзімде 100,7%-ды құрады.

2012 жылы ІЖӨ құрамындағы тауарлық өнім үлесі 40,7%, қызмет көрсету 52,9% деңгейінде болған. Өндіріс көлемінің табиғи индексі (таза, бағаға тәуелсіз көрсеткіш) тауарлар үшін 98,7%-ды құрап 1,3% кемігенін көрсетсе, ал қызметтер 110%-ды құрап, 10% өскенін дәйектейді. Келесі кесте арқылы 2011-2012 жылдардағы ІЖӨ-құрылымын талдайық (1-кесте).


Ел экономикасының даму үдерісін қадағалауға жол беретін келесі көрсеткіш қысқа мерзімдік экономикалық индикатор. Оны есептеу ІЖӨ-нің 67-68% құрайтын негізгі өндіріс салалары: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік пен байланыстың өнім шығару индексінің өзгерісіне негізделеді. 2012 жылғы қорытынды бойынша ол 2011 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2,1%-ға өскен. Бұл кезеңдегі ІЖӨ 5,0-ға өскенін ескерсек, өнеркәсіп өндіріс көлемі небәрі 0,5%-ға өсіп, бар болғаны 16'565,7 млрд. теңгені құраған. Тау-кен өнеркәсібі мен карьерлер өндірісі 0,2%-ға өсіп, 10'250,3 млрд. теңгеге теңелген, өңдеуші өнеркәсіп 0,7%-ға өсіп, 5'275,9 млрд. теңгеге жеткен, электрмен қамтамасыз ету, газ, бу беру мен ауа кондиционерлер – 3,3%-ға (964,7 млрд.теңге), сумен жабдықтау, су айыру жүйесі қалдықтарды жинастыру мен бөлу – 5,9%-ға қысқарған. Осы айтылғанды көрнекті түрде төмендегі суреттер арқылы кескіндеуге болады (1,2 суреттер).

1-кесте – Қазақстан Республикасындағы 2011-2012 жж. ЖІӨ-нің құрылымдық өзгерісі

	2012 ж. млрд теңге	Пайызбен			
		Өткен жылмен салыстырғанда		Қорытындыға ІЖӨ құрылымы	
		Табиғи индекс көлемі	дефлятор	2012 ж.	2011 ж.
Ішкі жалпы өнім	30'404,2	105,	103,9	100,0	100,0
Өнеркәсіп өндіріс көлемі	9'255,4	100,5	104,7	30,4	31,3
Ауыл шаруашылығы, аң аулау мен орман шаруашылығы, балық аулау, балық өсіру	1'251,1	82,2	106,5	4,1	5,2
Құрылыс	1'884,2	102,9	99,7	6,2	6,6
Қызмет көрсету өндірісі	16'053,8	110,0	104,5	52,9	51,9
Жиынтық қосылған құн	28'444,6	104,8	104,3	93,6	93,0
Өнімдер мен импортқа салынған таза салық	1'959,6	107,7	98,5	6,4	7,0
<i>Ескерту:</i> ҚР статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері негізінде есептелген [3]					



1-сурет – 2008-2012 жылдардағы ІЖӨ, өнеркәсіп және ауылшаруашылығының табиғи өсу индексінің өзгеріс қарқыны (пайызбен) [3]



2-сурет – ҚР негізгі өндіріс салалары индекстерінің 2010-2012 жылдардағы құрылымдық өзгерісінің серпіні [3]

Жоғарыда аталған ҮИИДМБ-дағы шынайы экономика салаларының өсуін анықтайтын өнеркәсіп түрлері бойынша бекітілген нысана-

лық индекстердің қол жеткізілген деңгейін келесі кестеден көруге болады.

2-кесте – Жеті пайыздық экономикалық өсуге жету үшін өнеркәсіпте қол жеткізілуге тиіс индикаторлар

Өнеркәсіп	2011 ж.			2012 ж.		
	ҮИИДМБ жоспар	Факт	Ауытқу (+:-)	ҮИИДМБ жоспар	Факт	Ауытқу (+:-)
Тау-кен өнеркәсібі мен карьерлерді жасау. ТКИ өткен жылғы %-бен	103,6	101,0	-2,6	103,8	100,4	-3,4
Өнім өңдеп шығару өнеркәсібі. ТКИ өткен жылғы %-бен	109,7	107,7	-2	111,5	101,2	-10,3
Электр қамтамасыз ету, газ, бу беру мен ауа кондиционерлеу. ТКИ өткен жылғы %-бен	106,4	108,6	2,2	103,0	103,5	0,5
Су мен қамтамасыз ету, су айыру жүйесі, қоқысты жинақтап бөлу. ТКИ өткен жылғы %-бен	104,0	102,4	-1,6	102,7	95,7	-7

Ескерту: [2], [3] мәлімет көзіне сүйене отырып, авторлармен есептелген

Кестеден, өкінішке орай, электр қамтамасыз ету, газ, бу беруден басқа өнеркәсіп саласының үш тармағында бекітілген ҮИИДМБ-ның нысандық индикаторларына қол жеткізілмегендіктен ІЖӨ-нің өсу қарқыны 7%-дан төмен шама – 5%-ға ойысқанын көруге болады.

Алайда, көңілге үміт тудыратын үрдісті де атап өткенді жөн көрдік. Мәселен, өнеркәсіптің тау-кен қазбалау секторының өсу қарқынынан өңдеу секторының өсу қарқыны анағұрлым жоғары: 2011 жылы 16,2% қарсы 1,3% болса, 2012 жылы 0,7% қарсы 0,2% болды. Атап айтқанда, металлургия өндіріс көлемі 1,9 трлн. теңгеге жетіп, 6,5%-ға, машина жасау 500 млрд. теңгеге жуықтап 16,8%, химия өнеркәсібі 143 млрд.теңгеге өнім өндіріп, 21,5% өсу қарқынын танытты. Нәтижесінде өңдеу өнеркәсібінің ІЖӨ құрылымындағы үлесі 2009-жылғы 10,5%-дан 2011 жылғы 12,8%-ға өсті. Өкінішке орай, 2011 жылғы өңдеу өнеркәсібінің ҮИИДМБ-дағы үлесі 12,5%-дан 2012 жылы 11%-ға түсіп қалды.

Экономиканы жаңғыртуға бағытталған қомақты қаражат әртараптандыру бағытында жобаланған деңгейде қайтарым бере алған жоқ, басқаша айтқанда, өңдеу өнеркәсібінің қайтарымы өте төмен. Мәселен, Қытай Халық Республикасының «шикізат тіркемесі» болып танылған Монголияның өзінде өңдеу өнеркәсібінің ІЖӨ-дегі үлесі 7%-ды құрайды, 11%ға жеткен Қазақстанның озып тұрғаны шамалы ғана. Шынайы әртараптандырудың жетіспеуі мұндай елдердің мемлекеттік бюджетінің негізгі көзі шикізат, ал шикізат қоры шексіз еместігімен айқындалады. Бүгінгі Қазақстан Республикасының бюджетінің 52%-ы шикізат табысынан құралады [4].

Сонымен, ҮИИДМБ мақсаты әртараптандыру деп жарияланғандығына қарамастан Қазақстанның экономикасының шынайы секторында әдеттегідей қазба кен өнеркәсібі басымдылық танытып отыр. ҮИИДМБ жүзеге асырыла бастағаннан бергі кезеңде байырғы шикізат секторының ІЖӨ құрылымындағы айрықша зор үлесі ешбір өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Кез келген ел үшін өз ішіндегі шикізат қорының болуы экономика үшін орасан зор ғанибет, әрине, алайда жоғары технологияға сүйенген елдің қоғамдық өндірісінің заманауи ахуалы да, келешегі де анағұрлым мол. Сондықтан, Қазақстан шикізат экспортынан өте мол табыс тауып отырса да, осы табыстың қайсібір бөлігін инновацияларды ынталандыруға

бағыттауға барынша тырысып отырғаны белгілі.

Осыған байланысты ҮИИДМБ жүзеге асыру барысындағы «жіңішке» жерлерін анықтап, оның келесі сатыларындағы іс шараларды ойластыру кезінде есепке ала отырып, өнеркәсіптің күрделі үрдістер мен қатынастарға көшу және технологияның сегізінші қайта бөлу кезеңіне дейін жеткізу қажет екені бек мәлім. Индустриалды дамуды жоспарлаудың көкжиегін ұзарту қажет, өйткені өнім өңдеп шығару секторы толыққанды күйге жетуі үшін 20-30 жыл мерзім керек екенін мойындау қажет. Әр кезеңнің өткініші нәтижелерін қорытындылап отырып әрекет ету үшін жоғарыдағы мерзім сатыларға бөлініп жоспарланғаны дұрыс болар еді.

Қарастырылып отырған кезеңде көтерме сауда айналымы 11 триллион 735,2 млрд теңгеге жетіп, 2011 жылмен салыстырғанда 15,2% молайды. Көтерме сауда тауар айналымында азық-түліктен басқа тауарлар мен өндірістік-техникалық өнімдер басым (78,8%). Бөлшек сауда көлемі есеп берген жылы 4'319,9 млрд. теңгені құрап 2011 жылмен салыстырғанда 12,9% ға өсті. Ал ҮИИДМБ-сы бойынша нысандық индикатор 3%-ға өсуді жобалаған болатын.

ҮИИДМБ-да қаралған сыртқы сауда айналымының өсу қарқынына қол жеткізілді. 2012 жылғы сыртқы сауда айналымы 20'621,2 млрд. теңгені құрап, 2011 жылмен салыстырғанда 9,8%ға артты, оның ішінде экспорт -13'913,3 млрд.теңге (2011 жылдан 5,3%-ға артық), ал импорт -6'707,9 млрд. теңге (2011 жылдан 20,2%-ға өскен). Импорттың экспортқа қарағанда төрт есеге таяу өсуі жайсыз жағдай және ол Кеден Одағы мен Біртұтас Экономикалық Кеңістік жағдайында одан әрі де ушыға түсетіні күмәнсіз, өйткені ел экономикасының шынайы секторы одақтастар экономикасынан анағұрлым бәсекеге қабілеттілігі төмен.


Алайда қуанарлық жәйт те бар. Мәселен 2011 жылы тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихында алғаш рет өңдеп өндіріліп экспортқа шығарылған тауарлар көлемі 3'316,2 млрд. теңгеге жетіп, 2007-і дағдарысқа дейінгі жылдағы көрсеткіштен 1,5 есе артық болды. Еліміздің негізгі экспортқа шығарылатын тауарлары – қазба – кен, отын-энергетикалық, металлургия, химиялық өнеркәсіп өнімдері және астық, дәнді-дақылдар. Республикамызды сыртқы саудадағы саудаластары – Ресей, Қытай, Еуропа және ТМД елдері.

Мемлекеттік саясаттың басымдылықтары-

ның өзектісі – ел ішіндегі әлеуметтік тұрақтылық. ҮИИДМБ-ын орындалуы оған сай келетін әлеуметтік тұрақтылық орнауы көптеген шарттардың болуына тәуелді, олар: еңбекпен қамту деңгейі, орташа жалақы мен табыс мөлшері, тұтыну заттары мен қызметтердің баға деңгейі және т.б.

Индустрияландыру картасы жобалары бойынша жаңа жұмыс орындарын ашумен экономикалық өсудің жоғары қарқыны тікелей

байланысты. Қазақстанды индустрияландыру картасы жүзеге асырылуына мемлекет мүдделі болып отырған нақты жобалар тізімі бар болса, оған жалпы құны 9,6% трлн. теңге болатын 609 жоба кіреді. Оларды жүзеге асыру үшін құрылыс барысында 205 мың жұмыс орны және іске қосылғанда 180 мың жұмыс орны ашылады. Осы бағдарламаның өнеркәсіптегі еңбекпен қамту қарқынын өсіруге қосар үлесін келесі суреттен көруге болады.



3-сурет – Өнеркәсіптегі еңбекпен қамту көлемінің серпіні [5]

ҮИИДМБ-ма бойынша 2015 жылға жоспарланған өнім өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі – 2012 жылдың қорытындысы бойынша 1,53 есе артығымен орындалды. 2008 – 2012 жыл аралығында өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі 5,62 млн. тг/адам-нан 8,85 млн. тг/адам-ға ұлғайып, шынай өсім 1,53 есе өсті, ал ҮИИДМБ-да 2015 жылға қарай бұл көрсеткіш 1,5 есеге өсуге тиісті деп межеленген болатын. Салыстырып қарастырсақ: 2008-2012 жылдары Ресейдің өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі 1,4 есе, Беларуста 0,7%-ға кему байқалды [6].

Заманауи жоғары дамыған елдің негізгі бәсекеге қабілеттілік басымдылығы адами

капиталдың сапасына және адамның өмір сүруін қамтамасыз ететін факторларға тікелей тәуелді. Соңғы жылдардағы экономикалық өсу және мемлекет жүргізген белсенді Әлеуметтік саясат тұрғындардың өмір сүру деңгейін едәуір жақсартуға мүмкіндік берді. 2013 жылғы наурыз айында 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғандағы азаматтардың номиналды (атаулы) ақшалай табыстары 10,6%-ға өсіп, 55'264 теңгені құрады. Тұрғындардың табыс деңгейі өмір сүру минимумынан төмен тұрғындар үлесі 2013 жылы 3,1%-ды көрсетіп, салыстырылып отырған 2012 жылғы кезеңде 0,8%-ға кеміді.


2-кесте – Әлеуметтік даму көрсеткіштерінің ҮИИДМБ-ның нысаналық индикаторларына сәйкестігі

№	Индикаторлар	2011		2012	
		Жоспар	Нақты	Жоспар	Нақты
1.	Экономикалық белсенді тұрғындар саны, мың адам	8 615,9	8774,6	8 642,3	8981,9
2.	Экономикада еңбекпен қамтылғандар саны, мың адам	8 070,9	8301,6	8 102,3	8507,1
3.	Жұмыссыздар саны, мың адам	545	473,0	540	474,8
4.	Жұмыссыздық деңгейі, %	6,3	5,4	6,2	5,3

Соңғы үш жыл ішінде экономикамыздың нығаюы арқасында еңбекпен қамту деңгейін жыл сайын 2,5%-ға арттыруға қол жеткізілді. 2012 жылы экономикалық белсенді тұрғындар саны 8'981,9 мың адамға жетіп, салыстырып отырған кезеңнен 2,4%-ға көбейген. Жұмыссыздар саны 0,4%-ға өсіп 474,8 мың адамға жетті. Ал жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді

тұрғындардың 5,3%-ын құрады. 2012 жылдың желтоқсанындағы жұмыскерлердің номиналды (атаулы) жалақысы 127'405,4 мың теңгеге жетіп, 2011 жылмен салыстырғанда атаулы күйде – 12,5%, шынайы күйде – 7%-ға өсті.

Келесі суретіміз 2008-2012 жылдардағы Қазақстандағы еңбек ақының негізгі көрсеткіштерін кескіндейді.



4-сурет – Қазақстан Республикасындағы 2008-2012 жж. негізгі еңбек ақы көрсеткіштері

Сонымен Қазақстан экономикасының дамуындағы оң үдеріс елімізде әлеуметтік тұрақтылық пен халықтың әл-ауқатын өсіруді қамтамасыз етіп отыр. Экономиканың бүкіл салаларының тұрақты өсуі, халықаралық қауымдастықтың елімізді мойындауы Қазақстан қоғамының берекелі өмірінің негізі болып отыр. ҚР Президентінің әлемдік дамыған елдердің ішіндегі 50 ел қатарына қосылу тапсырмасы орындалып, Бүкіләлемдік экономикалық форумның жаһандық рейтингі бойынша 2013 жылы Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50-і ел болып танылды. Қазақстанның халықаралық беделінің шырқау биігі – оған «Болашақ энергиясы» атты Дүниежүзілік «Экспо-2017» көрмесін өткізу мәртебесі сеніп тапсырылуы.

Алайда жемқорлықпен күрестің халықаралық ұйымы Transparency International-дың жемқорлықты қабыл алмау индексі бойынша 2012 жылы 26 ұпаймен 133 орынға шықты. Бұл Қазақстанның аса жоғары жемқорлық елі екенін дәйектейді. Инновациялық даму қарқыны жоғары, заманауи технологияға негізделген, ауқатты, дәулетті елдер жемқорлық ең аз елдері екенін еске салып өтейік. Жемқорлық мүлде жоқ деуге болатын елдер 96-98-ұпаймен көш бастаса, олардың расында Швеция, Норвегия, Фин-

ляндия сияқты озық инновациялық елдер бар екенін айта кету қажет. Ендеше, елімізде етек алған жемқорлық инновациялық-индустриялық даму қарқынының тежеуіші болып, тұсаулап отыр десек ешбір қателеспейміз.

Мәселен, ҮИИДМБ жүзеге асырушылар арасынан «инновациялық» деген атпен мемлекеттік бағдарламаға түкке тұрғысыз жобаларды тықпалау, ал тас жолдар салуда сметаға екі есе құн шығындарын енгізу сияқты әрекеттерді ұсталған паракорлар «әдетке» айналдырғаны белгілі болды. Кейбір өңірлердегі ҮИИДМБ-ның орындауына мониторинг жүргізу барысында индустрияландыру картасынан жалпы сомасы 51,5 млрд. теңге болатын 35 жобаны аластату қажеттігі анықталды, өйткені олар бағдарлама талаптарына мүлдем сәйкес келмейді. Сұрыптау кезінде олардың бағдарламаға еніп кетуіне тікелей паракорлық пен жемқорлық себепші болған.

2013 жылдың қаңтары мен қыркүйек айы арасында ҮИИДМБ шеңберінде бөлінген қаржыны ұрлау, иемдену, есепсіз жұмсау, мақсаттан тыс қолдану сияқты фактілер бойынша 76 қылмыстық іс қозғалды, мемлекетке келтірілген зиян көлемі 8,2 млрд. теңгеден асып жығылған. Сонымен, бүгінгі күні қоғамдағы

және мемлекеттік қызмет органдарындағы жемқорлық ҮИИДМБ-ның толыққанды жүзеге асуына кедергі болып, шын мәнінде болып жатқан үрдістерді тұмшалап, жалған көрініс тудырып, сол арқылы дер кезінде жасалуға тиісті іс-шараларға тосқауыл болып отыр.

Біздің жүргізген талдауымыз негізінен еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мемлекетіміз ұстанған экономиканы үдемелі индустриалды-инновациялық дамыту қарқындары мен шарттарының дұрыс бағытта екенін көрсетті. Қорытындылай келе, келесідей тұжырымдар жасауға болады:

1. Тұтастай алғанда ҮИИДМБ мемлекет таңдаған жүзеге асыру қарқынына толық сәйкес. Ерекше нәтиже ретінде 2013 жылы Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің арасынан табылуы. ЭЭФ-ның жаһандану индексі рейтингімен елімізге 50-і арасын орынды бекітуі.

2. ҮИИДМБ-ны орындау барысында екі жыл 2011, 2012 қатарынан орын алып отырған кері ауытқушылық: а) тау кен қазба өнеркәсібінде 2011 ж. –2,6%, 2012 ж. – 3,4%, б) өнім өңдеу өнеркәсібінде 2011 ж. – 0,2%, 2012 ж. - -7,0%. Мұндай ауытқулар экономи-

каны әртараптандыру бойынша мемлекеттік бағдарына мүлдем кереғар.

3. Біздің талдауымыз әлеуметтік жүйедегі көрсеткіштер (еңбекпен қамту, инфляция, тұтынушылар табысы мен орташа жалақы деңгейі) қарастырылған кезеңде ҮИИДМБ–да таңдалған жүзеге асыру қарқындарына ұштас екенін көрсетті.

4. Талдау жүргізілген кезеңде мемлекетіміздің басшысы «2030 – Стратегиясының» мерзімнен бұрын орындалғанын мәлімдеді. Ел шіндегі саяси ахуал орнықты, әлемдік қауымдастықтағы ел беделі ойдағыдай және халықаралық ынтымақтастық (ТМД, ШОС, ЕврАзЭҚ және т.б.) пен халықаралық интеграция (2010-нан КО, 2012-ден БЭК) бәрі де, елімізге ыңғайлы жағдайда өрбиде. Әсіресе, басқа елдермен бәсекелесе отырып «Болашақтың энергиясы» атты «EXPO -2017» халықаралық көрмені өткізу құқығын жеңіп алғанымызды ерекше атауға болады.

5. Талдау нәтижесінде ҮИИДМБ-ны жүзеге асырудағы тежеуші, тұсау болып отырған фактор – мемлекеттік органдарда кең қанат жайып отырған жемқорлық екені де анықталды.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы / Егемен Қазақстан. – 28.01.2012 ж.
- 2 ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің ресми сайты www.stat.kz
- 3 Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы / Егемен Қазақстан. – 2010 ж., 31 наурыз. – № 115-116.
- 4 Интернет көзіне сілтеме <http://russianskz.info/>
- 5 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2010 жылдың № 14 сәуірінен 303. Қазақстанның 2010 – 2014 жылдарға индустриаландыру картасы. «Егемен Қазақстан 06.05.2010 г.»
- 6 Қазақстан Республикасындағы еңбек өндірімділігін талдау / «Индустрияны дамытудың қазақстандық институты». – Астана, июль 2013 .

References

- 1 Kazakhstan Republicasinin Presidenti – Elbasi N.A. Nazarbayevtin 2012 zhilgi 27 kantardagi «Aleumettik-economicalik zhangirtu – Kazakhstan damuinin basti bagiti» atti Kazakhstan halkina Zholdau // Egemen Kazakhstan. - 28.01.2012 g.
- 2 KR Statisticasi zhonindegi Agentiginin resmi saiti www.stat.gov.kz
- 3 Kazakhstan Republicasinin undemeli industrialyk-innovacialik damitu zhonindegi 2010-2014 zhildarga arналған мемлекеттік бағдарлама және Kazakhstan Republicasi Presidentinin keibir zharlikrarinin kushi zhoildi деп тану туралы Kazakhstan Republicasi Presidentinin 2010 zhilgy 19 naurizdagy № 958 Zharligy // Egemen Kazakhstan. - 2010 g., 31 nauriz. – № 115-116.
- 4 Internet kozine silteme <http://russianskz.info/>
- 5 Kazakhstan Republic Ukimetinin kaulisy 2010 zhildin № 14 saurinen 303. Kazakhstannin 2010 – 2014 zhildarga industrialandiru kartasy . «The Kazakhstan truth» of 06.05.2010// Egemen Kazakhstan. - 06.05.2010 g.
- 6 Kazakhstan Republicasindagy enbek ondirimidiligin taldau / Industryini damitudin Kazakhstandik Instituty. – Astana, iul 2013.